Бөлімі	**VI бөлім. Роботтехника: «Билейтін робот» жобасы (ортақ тақырыптар: «Қоршаған орта», «Саяхат»)**
Педагогтің аты-жөні	**Шайлавов З.Х**
Күні	2A, 01.04.2025 2B, 03.04.2025 2C, 01.04.2025
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Мәтіндік редактормен танысу Программалар арасында мәлімет алмасу**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.2.1.2 өз идеяларын мәтіндік редакторда жазу; 2.3.2.1 қосымшалар арасындағы мәліметтермен ауысу;
Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы:*** Жоба жасауда программалар арасындағы мәліметтермен алмасуды үйренеді.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	**Педагогтің іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
(Ұ) ***Ұйымдастыру кезеңі*** ***(1-7 мин.)***	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту** ***«Жеміс себеті» ойыны*** Топ шеңбер құрып, орындықта отырады. Жүргізуші әр қатысушыға жеміс аттарын айтып шығады. Мысалы, алма, алмұрт, лимон, жүзім, апельсин, анар, банан т.с.с. Жүргізуші екі жемістің атын айтқанда, олар орындарын ауыстыруы керек. Ортадағы адамның міндеті – орын ауыстырушылардың бірінің орнына орналасу. Ол енді екі-үш жемістің атын бірге немесе «жеміс салаты» деп бәрін бірге айтуына болады. /Бұл ойын оқушыларға психологиялық жағымды көңіл күй сыйлайды/.			
Топтастыру	***Топтастыру. «Жеміс-жидектер топтамасы» әдісі***			

	Оқушыларға алма және алмұрт жемісінің суреттері бейнеленген қағаздарды таңдауына тапсырма беріледі. Таңдалған жеміс атауы бойынша екі топқа бірігеді. **I топ: «Алма».** **II топ: «Алмұрт».**			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	***(Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі*** ✔ Мұғалім өткен сабақ пен жаңа сабақты ұштастыру мақсатында оқушыларға сұрақтар қояды. ✔ –Жануарлар мен құстарды қорғауға қандай үлес қосуға болады? (1-сурет) ✔ – Ойыңмен бөліс. ✔ 1-сурет бойынша қандай жоба тақырыбын таңдауға болады? –Әртүрлі жобалар жасауда бірнеше программаны бір уақытта қолдануға бола ма? Мысал келтір .	• Оқушылар ұжымдық үлгіде жауап береді. • Егер сұраққа жауап дұрыс айтылмаса, мұғалім дұрыс жауапқа қарай бағыттап, дұрыс жауабын табуға көмектеседі.	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Фигуралар» әдісі** арқылы бағалайды. **Бес жұлдыз – Өте жақсы!** **Төртбұрыш – Жақсы!** **Үшбұрыш – Талпын!**	
Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде **«Сұрақ-жауап» әдісін** қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша жеткізеді. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін, мұғалім интерактивті тақтадан **сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлерімен** таныстырады.*			

Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу (**білімді өзектендіру үшін). ***Мәтінмен жұмыс. «Кластерлер» әдісі*** Оқулықтағы «Жаңа білім» айдарында берілген мәтінді оқиды. Негізгі тақырып (тірек сөз, басты идея) тақтаның (дәптердің) ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді. Оқушылар оларды бір-біріне сызықтармен қосып, өзара байланыстары туралы әңгімелейді. Тақырыпшалардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздеген де тиімді. Әдетте кластерлер оқушының жеке орындалуынан басталып, одан кейін жұмыс жұпта немесе шағын топта (4-6 адам) жалғасады.	Интерактивті тақта

	(Ж) 1-тапсырма –WordPad-қа қойылған суретке 5 сөйлемнен тұратын мәтін құрастырыңдар. – Құрастырған мәтіндеріңді мәтіндік редакторда теріңдер.	**Дескриптор** • **WordPad**-қа қойылған суретке 5 сөйлемнен тұратын мәтін құрастырады. • Құрастырған мәтіндерін мәтіндік редакторда тереді.	Оқушылар бірін-бірі **«Фигуралар» әдісі** арқылы бағалайды. **Бес жұлдыз – Өте жақсы! Төртбұрыш – Жақсы! Үшбұрыш – Талпын!**	Интерактивті тақта
	(Ө) 2-тапсырма Оқулықтағы суретте берілген жануар мен құсты интернеттен үш тілде іздеп көр. *Назар аудар!* Үш тілде іздеу нәтижесінде алынған деректер мен суреттер бірдей бола ма?	• Берілген жануар мен құсты интернеттен үш тілде іздейді. • Үш тілде іздеу нәтижесінде алынған деректер мен суреттер туралы жұптасып талқылайды.	Оқушылар бірін - бірі **«Фигуралар» әдісі** арқылы бағалайды. **Бес жұлдыз – Өте жақсы! Төртбұрыш – Жақсы! Үшбұрыш – Талпын!**	Интерактивті тақта
	(Ж) «Қар үйіндісі» әдісі Біріншіден, әрбір оқушы жеке жауап беруі керек. Кейін жұбымен ақылдасып, екеуінің жауабын бір жауап етіп үйлестіреді. Кейін жұптар басқа жұптармен бірігіп, осы үдерісті қайталайды. Осылайша соңында төрт жауап бір жауап болып біріктіріледі.	**Дескриптор** – Сұраққа жартылай жауап береді. Сұраққа толық жауап береді.	Оқушылар бірін - бірі **«Фигуралар» әдісі** арқылы бағалайды. **Бес жұлдыз – Өте жақсы! Төртбұрыш – Жақсы! Үшбұрыш – Талпын!**	Интерактивті тақта
Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**III. Ой толғаныс. Рефлексия** ***(Ө) «Кері байланыс бутерброды» әдісі*** Кері байланыс әртүрлі тәсілдермен берілуі мүмкін. «Кері байланыс бутерброды» дегеніміз: 1) бірінші жағымды түсініктеме беріп, кейін құрылымды сын айтып, соңынан тағы да жағымды пікір білдіру; *2)* Жағдаяттық мәлімдеме: *Маған ұнады .., себебі ... Енді/келесі жолы ...* **Мақсаты:** оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. **Тиімділігі:** тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды; жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.		Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Фигуралар» әдісі** бойынша бағалайды. **Бес жұлдыз – Өте жақсы! Төртбұрыш – Жақсы! Үшбұрыш – Талпын!**	

Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулықты және қауіпсіздік ережелерін сақтау.

«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.	**«Фигуралар» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.
Жалпы бағалау Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым керек? 1: 2:		